

Алматы қаласының 2023 жылға арналған бюджет қаражатының көлемдері балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 17 тамыздағы № 3/449 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6 бабы 3 тармағының 7-4) тармақшасына және 62 бабының 6-2 тармағына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Алматы қаласының 2023 жылға арналған бюджет қаражатының көлемі шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Алматы қаласының әкімі

Е. Досаев

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 17 тамыздағы
№ 3/449 қаулысына
қосымша

Алматы қаласының 2023 жылға арналған бюджет қаражатының көлемі шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы

р/с	Қосымша білім беру бағыттарының түрлері	Білім алушылардың және (немесе) тәрбиеленушілердің саны	Айына бір білім алушыға және (немесе тәрбиеленушіге) жұмсалатын шығыстардың орташа құны, теңге
1	Ғылыми-техникалық бағыт	730	22 007
2	Туристік-өлкетану бағыты	450	17 115
3	Экологиялық-биологиялық бағыт	150	17 115
4	Көркемдік-эстетикалық бағыт	880	17 115
5	Әлеуметтік-педагогикалық бағыт	460	17 115
6	Гуманитарлық бағыт (тіл курстары)	1 890	17 115

7	Жаратылыстану-математикалық бағыт (математикалық курстар)	550	17 115
	Жиынтығы	5110	
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға			
1	Ғылыми-техникалық бағыт	60	69 362
2	Көркемдік-эстетикалық бағыт	145	69 362
3	Әлеуметтік-педагогикалық бағыт	125	69 362
	Гуманитарлық бағыт (тіл курстары)	30	69 362
	Жаратылыстану-математикалық бағыт	30	69 362
	Жиынтығы	390	
	Барлығы	5 500	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК